

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

*Дорота Подгорска-Яхник, Габдрахманова Ш.Т.,
Арыстангалиева В.Т., Панищева О.А.*

Инклюзивті білім беру Инклюзивное образование

Оқу-әдістемелік құралы

Орал, 2020

УДК 373
ББК 74.00
И 65

Пікір жазғандар:

Джонисова Г.Қ. - п.ғ.к., Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті

Туребаева К.Ж. - п.ғ.д., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры

Сарсенбаева Б.И. - п.ғ.к., п.ғ.д. М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті

Авторлар:

Дорота Подгорска-Яхник - Лодзи және Ұлы Казимир университетінің PhD докторы, қауымдастырылған профессор.

Габдрахманова Ш.Т. - п.ғ.к., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Батыс Қазақстан облыстық филиалының директоры.

Арыстанғалиева В.Т. - магистр, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының аға оқытушысы.

Панищева О.А. – магистр, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының оқытушысы.

Дорота Подгорска-Яхник

И65 Инклюзивті білім беру /Инклюзивное образование: Оқу-әдістемелік құрал / Дорота Подгорска-Яхник, Ш.Т. Габдрахманова, В.Т. Арыстанғалиева, О.А. Панищева – М.Өтемісов атындағы БҚУ редакциялық-баспа орталығы. - Орал, 2020. - 204 б.

"Инклюзивті білім беру" оқу құралы (екі тілде) инклюзивті білім беру педагогикасы мен психологиясының негізгі ұғымдары мен категорияларын, инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін қамтиды, жалпы және инклюзивті білім беруде қолданылатын технологияларды ұсынады.

Оқу құралы білім беру және білім беру мекемелерінің мамандарына - мұғалімдерге, психологтарға, логопедтер мен дефектологтарға, сондай-ақ педагогикалық университеттердің студенттеріне арналған.

Пособие «Инклюзивное образование» (на двух языках) содержит основные понятия и категории педагогики и психологии инклюзивного образования, теоретические основы инклюзивного образования, представляет технологии, применяемые в общем и инклюзивном образовании.

Пособие предназначено для специалистов воспитательных и образовательных учреждений - педагогов, психологов, логопедов и дефектологов, а также студентов педагогических вузов.

© Дорота Подгорска-Яхник, 2020

© РИЦ ЗКУ им. М Утемисова, 2020

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Инклюзивті білім беру

Кіріспе	6
Бөлім 1. Инклюзивті білім беру педагогикасы мен психологиясының категориялық аппараты	
1.1. Мүмкіндігі шектелген тұлғаларға инклюзивті білім берудің жалпы сипаттамасы.....	7
1.2. Ақаулығы бар балалар психологиялық-педагогикалық мәселе ретінде.....	10
Өзін-өзі тексеруге арналған тестілік тапсырмалар.....	12
Бөлім 2. Инклюзивті білім беру ортасында мүмкіндігі шектелген балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жалпы мәселелері	
2.1. Инклюзивті білім беру тұрғыларының вариативтілігі.....	16
2.2. Қазақстан Республикасында инклюзивті және интеграцияланған білім беру.....	20
2.3. Арнайы білім берудің ұлттық жүйесінің қалыптасу және даму тарихы.....	24
2.4. Онтогенездің түрлі сатыларында интеграцияны тиімді жүзеге асырудың ішкі және сыртқы жағдайлары.....	27
Өзін-өзі тексеруге арналған тест тапсырмалары.....	30
Бөлім 3. Мүмкіндігі шектелген тұлғалардың білім беру интеграциясының және әлеуметтік адаптациясының мәселелері мен перспективалары	
3.1. Есту қабілеті бұзылған балалар.....	34
3.2. Көру қабілеті бұзылған балалар.....	36
3.3. Ақыл-ой қабілетін бұзылған балалар.....	38
3.4. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар.....	42
3.5. Сөйлеу кемістігі бар балалар.....	44
3.6. Эмоционалды-еріктік сферасының бұзылысы бар балалар.....	46
Өзін-өзі тексеруге арналған тестілік тапсырмалар.....	49
Бөлім 4. Қазақстанда және шетелде арнайы (дефектологиялық) білім беру жүйесіндегі инновациялар	
4.1. Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектелген балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің модельдері.....	53
4.2. Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектелген балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиялары	56
4.3. Инклюзивті білім беру педагогының кәсіби стандартын жүзеге асыру контекстіндегі педагогтың педагогикалық мәдениеті	58
Өзін-өзі тексеруге арналған тестілік тапсырмалар.....	62
Практикалық сабақтар тақырыптары	66

Инклюзивное образование

Введение.....	91
Глава 1. Категориальный аппарат педагогики и психологии инклюзивного образования	
1.1. Общая характеристика инклюзивного образования лиц с ограниченными возможностями здоровья	93
1.2. Аномальное развитие ребенка как психолого-педагогическая проблема.....	98
Тестовые задания для самоконтроля	102
Глава 2. Общие вопросы обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями здоровья в инклюзивной образовательной среде	
2.1. Вариативность подходов к инклюзивному образованию.....	106
2.2. Инклюзивное и интегрированное обучение в Республике Казахстан.....	110
2.3. История становления и развития национальных систем специального образования.....	115
2.4. Внешние и внутренние условия эффективной реализации интеграции на разных этапах онтогенеза	118
Тестовые задания для самоконтроля	123
Глава 3. Проблемы и перспективы образовательной интеграции и социальной адаптации лиц с ограниченными возможностями здоровья	
3.1. Дети с нарушением слуха.....	127
3.2. Дети с нарушением зрения.....	131
3.3. Дети с нарушением интеллекта.....	136
3.4. Дети с нарушением опорно-двигательной сферы.....	142
3.5. Дети с нарушением речи.....	147
3.6. Дети с нарушением эмоционально-волевой сферы.....	153
Тестовые задания для самоконтроля	156
Глава 4. Инновации в системе специального (дефектологического) образования в Казахстане и за рубежом	
4.1. Модели психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного образования.....	160
4.2. Технологии психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного образования.....	166
4.3. Педагогическая культура педагога в контексте реализации профессионального стандарта педагога инклюзивного образования.....	169
Тестовые задания для самоконтроля	174
Темы практических занятий	178
Список использованной литературы.....	203

Инклюзивті білім беру

КІРІСПЕ

Пәнді оқытудың мақсаты - студенттерді білім берудегі инклюзивті процестерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелерімен таныстыру; мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне қосуды модельдеу сызбаларын бөліп көрсету және жалпы және арнайы білім берудің маңызды әлеуметтік-мәдени феномені ретінде интеграцияланған оқыту туралы түсінік беру болып табылады.

Курстың міндеттері:

1. Жалпы және арнайы білім берудің ажырамас бөлігі ретінде инклюзивті білім беру жүйесі туралы тұтас көзқарасты қалыптастыру;

2. Студенттерді инклюзивті оқыту процесінде оқушыға ұсынылатын білім беру қызметтері жүйесімен таныстыру.

3. Оқу-тәрбие процесін модельдеуге және инклюзивтік білім беру режимінде оқыту практикасында іске асыруға үйрету.

4. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және басқару міндеттерін шешуде мамандардың пәнаралық және ведомствоаралық өзара әрекет жасау қабілетін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін демократияландыру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, дамыту және оқытудың гуманистік тұрғыдан жүзеге асырылуы кезеңінде барлық балалардың, оның ішінде әлеуметтік жағынан осал топтардың балалары: ауылдық жерлерде тұратын балалар және оқшауланған аймақтар, этникалық және тілдік аз топтардың балалары, АҚТҚ және ЖҚТБ-дан зардап шеккен балалар, мигрант балалар, сондай-ақ дамуында ауытқушылықтары бар балалар және оқуда әртүрлі қиындықтарға тап болған балалардың шығармашылық дамуы, өз бетімен білім алуы, кәсіби өзін-

өзі анықтауы үшін оңтайлы жағдай жасау мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды адамзат қоғамдастығына енгізу бүкіл білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып табылады. Білім беру интеграциясы әлеуметтік интеграцияның бір бөлігі бола отырып, ерекше балаларды қарапайым балалармен бірге тәрбиелеу және оқыту процесі ретінде қарастырылады.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды білім беру ұйымдарына интеграциялау әлемнің кез келген елінде білім беру жүйесін дамытудың заңды кезеңі болып табылады, оған барлық жоғары дамыған елдер, соның ішінде Қазақстан да қатысады.

БӨЛІМ 1. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ КАТЕГОРИЯЛЫҚ АППАРАТЫ

1.1. Мүмкіндігі шектелген тұлғаларға инклюзивті білім берудің жалпы сипаттамасы

Мазмұны: 1. «Инклюзивті білім беру» ұғымы.
2. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға инклюзивті білім беру.

Мақсаты: «Инклюзивті білім беру» ұғымының мәнін анықтау, инклюзивті білім берудің негізгі категорияларымен танысу.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі

бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Жаңа түсіндірме бойынша «инклюзивті білім беру» - бұл ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс. Аталған анықтама жалпы білім беретін мектеп жағдайында барлық балаларды оқыту үшін оңтайлырақ тәсіл ретінде халықаралық қауымдастықпен танылған білім берудегі инклюзияның мәнін ашады. Бұл жағдайда инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдар ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларды қамтуды, соның ішінде мигрант, оралман балалар, сондай-ақ қоғамға әлеуметтік бейімделуі қиын балалар сияқты басқа да санаттағы білім алушыларға сапалы білім берудің тең қолжетімділігін қамтамасыз етуді кеңейтуі мүмкін.

Бейімделген білім беру бағдарламасы - мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқыту үшін олардың психоденелік, дамуын, жеке мүмкіндіктерін және қажет жағдайда аталған тұлғалардың даму бұзылыстарын түзетуді және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасы.

Жеке оқу жоспары – нақты білім алушының ерекшеліктерін және білім беру қажеттіліктерін ескере

отырып, оның мазмұнын жекелеу негізінде білім беру бағдарламасын меңгеруді қамтамасыз ететін оқу жоспары Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру келесі модельдер арқылы жүзеге асуы мүмкін:

1) толық инклюзия – мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы білім беру мекемелеріне денсаулығы қалыпты қрдастарымен бірге барады және жеке оқу жоспарлары бойынша оқиды;

2) жартылай инклюзия – мүгедек балалар үйдегі жеке оқыту мен жалпы білім беретін мекемеге баруды қатар алып жүреді және жеке оқу жоспарларымен оқытылады.

3) сабақтан тыс инклюзия – мүгедек балалар (мүгедектер) тек үйде оқиды және үйірмелерге қатысады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруін қадағалауды жалпы білім беретін мекеме жүзеге асырады. Әрбір жалпы білім беретін мекеме аталған ереженің негізінде өз бетімен жалпы білім беретін мекемедегі инклюзивті білім беруді ұйымдастыру тәртібін анықтайтын ереже дайындайды.

Білім алушылар медициналық-әлеуметтік-эксперттік комиссияның, жалпы білім берудің кез келген деңгейінде мүгедекетігі расталуы туралы қорытындылар болғанда ата-анасының (заңды өкілдерінің) өтініші бойынша инклюзивті білім беруге ауыса алады.

Әрбір білім алушыға жеке журналдар ашылады, онда мұғалімдер сабақтардың мерзімін, өткен материал мазмұнын, сағат санын жазады, ағымдық бағаларын қояды.

2. Инклюзивті білім берудің сегіз принципі:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталмайды.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Инклюзивті білім беру дегеніміз не?
2. Инклюзивті білім берудің негізгі категорияларын атаңыз.

1.2. Ақаулығы бар балалар психологиялық-педагогикалық мәселе ретінде

Мазмұны: 1. «Ақаулық» түсінігі.
2. Ақаулықтың болу себептері.

Мақсаты: Ақаулық түсінігіне сипаттама беру, ақаулығы бар балалардың ерекшеліктері, болу себептерін анықтау.

“Аномалия”- грек сөзінен алғанда «дұрыс емес» деген мағынаны білдіреді. Ақаулығы бар балалар жалпы денелік және психикалық жағынан кемшіліктері бар балалар тобына енеді. Ақаулығы бар балалардың дене және психикалық жағынан бұзылып келуі, олардың жалпы дамуына өзіндік өз әсерін тигізеді. Мұндай балалар тобы арнайы оқыту мен тәрбиелеу және түзету жұмысын қажет етеді. Ақаулығы бар балалар тобына:

Есту қабілеті бұзылған;

Көру қабілеті бұзылған;

Сөйлеу тілі бұзылған;

Интеллектілік дамуы бұзылған;

Психикалық дамуы баяу;

Тірек- қимыл аппараты бұзылған;

Күрделі түрдегі бұзылыстар;

Психикалық мінез-құлқы жағынан бұзылған;

Сондай-ақ жоғарыда айтылған ақаулықтарымен қоса жалпы жүйелік түрлері де бар:

-денелік ақаулықтар

-сенсорлы бұзылыстар

-ми қызметі бұзылыстары

Мүмкіндігі шектелген балалар күрделі және әртүрлі сипаттағы бұзылыстармен сипатталады. Мұндай балалар

тобы оқу-танымдық, еңбек іс-әрекеттерінде және әлеуметтік байланыстарда ерекшеленіп байқалады. Әрбір бұзылыстың өзіндік сипат ерекшелігіне қарай балалардың дамуы барысында оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жүйелі жүргізілуі нәтижесінде ғана түзелуі мүмкін, ал кейбіреулерінде бұл үрдіс ұзақ уақытты қамтуы ықтимал. Бұл мүмкіндігі шектелген балаларға көмек ету, оларға көмек беру барысында ғана іске асырылады. Ақаулығы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісімен педагогикалық, медициналық, психологиялық, әлеуметтік салалар бірлесе отырып түзету, тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу барысында көмек беру және оларды қолдау арқылы ғана жүзеге асырылады.

Балаларда психо-денелік ақаулықтардың болу себептері:

- экологиялық әсерлер (өндіріс орындары мен газ-мұнай саласы, қара-түсті металлургияның зиянды заттардың ауаға тарауы. Су қоймасының ластануы, жер асты суларының ластануы;
- экономикалық жағдай;
- әлеуметтік жағдай;
- отбасылық жағдай;
- онкологиялық ауру;
- жұқпалы аурулар;
- эндокриндік жүйке ауру салдары;
- генетикалық бұзылыстар;
- дүниеге келу сәтіндегі қолайсыз жағдайлар;
- даму жағдайының ауыр деңгейде болуы.

Халықаралық қоғам ұйымы даму ақаулықтарының түрлеріне байланысты жүйелілікті жинақтау жұмыстарымен айналысуда. Дамыған елдердің көпшілігі өз еліндегі денсаулық мүмкіндіктерінің шектелу белгілеріне орай терминалогия және жүйелілік бойынша өз санақтарын жүргізіп жатыр. Статистикалық мағлұмат елдердің дамығандығына, медициналық, әлеуметтік және педагогикалық көмек көрсету сапасына байланысты анықталады. Бүгінгі таңда статистика проценттік қатынасын дәлірек анықтап отыр. Ақаулығы бар балалардың арасында

бірінші орынды оқытылуы қиын балалар алса, екінші орынды ақыл-ойы баяу дамыған балалар орын алып отыр. Үшінші орында сөйлеу тілі бұзылғандар. Жалпы әлемде 1000 адамның үшеуі соқыр, ал 5 пайыздан астамы есту ақаулығы барлар. Әрбір үш оқушының, яғни 7-15 жас аралығындағы балалардың 4-5 оқушысы ақыл-ойы баяу немесе оқытылуы қиын оқушылар болып табылады. Әрбір 800 жаңа туған нәрестенің біреуі Даун синдромына шалдыққандар.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Ақаулығы бар балаларға сипаттама беріңіз?
2. Балалардың психо-денелік ауытқушылықтарының себептері?

Өзін-өзі тексеруге арналған тестілік тапсырмалар

1. Инклюзия «inclusion» сөзі нені білдіреді?

- +a) Енгізу
- b) Өзара әрекет
- c) Сүйемелдеу
- d) Коррекция
- e) Дамыту

2. Дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылығы бар балаларды уақытылы анықтау және зерттеу нәтижелері бойынша оларға психологиялық және медициналық-педагогикалық көмек көрсету бойынша ұсыныстар дайындау және оларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру мақсатында құрылады?

- a) Инклюзия
- b) Бейімделген білім беру бағдарламасы
- c) Жеке оқу жоспары
- d) Интеграция

+e) Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия

3. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқытуға бейімделген, олардың психофизикалық даму ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін ескеретін және қажет болған жағдайда аталған тұлғалардың дамуында ауытқушылықтарды

түзетуді және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасы?

a) Инклюзия

+b) Бейімделген білім беру бағдарламасы

c) Жеке оқу жоспары

d) Интеграция

e) Психологоиялық-медициналық-педагогикалық комиссия

4. Білім беру бағдарламасының мазмұнын жекелеу негізінде, белгілі бір оқушының ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын меңгеруді қамтамасыз ететін оқу жоспары?

a) Инклюзия

b) Бейімделген білім беру бағдарламасы

+c) Жеке оқу жоспары

d) Интеграция

e) Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия

5. Арнайы психологияның зерттеу пәні не?

a) Қалыпты балалар

+b) Дамуында ауытқушылығы бар балалар

c) Дені сау балалар

d) Жетім балалар

e) Панасыз балалар

6. Нұсқалардың қайсысы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды интеграциялау моделі болып табылады?

+a) Толық

b) Орташа

c) Тұтас

d) Білім беру

e) Формативті

7. Балаға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, оған жеке білім беру траекториясын құруға көмектесетін мұғалім-тәлімгер?

+a) Тьютор

b) Педагог

c) Психолог

d) Әлеуметтік педагог

e) Ментор

8. «Қалыптан тыс даму» ұғымын енгізген кім?

- a) Сеченов
- b) Крепелин
- +c) Выготский
- d) Иванов

e) Лебединская

9. Ауытқулар тобының бұл типіне жалпы тұрақты дамымағандық (әр түрлі ауырлық деңгейіндегі ақыл-ойдың артта қалуы), дамудың баяу жүруі (психикалық дамуы баяу) кіреді?

- a) асинхрония
- b) зақымданулар
- c) рудементация
- d) акселерация

+e) ретардация

10. Ауытқулар тобының бұл типіне зақымдалған даму (органикалық деменция), дефицитарлы даму (анализаторлар жүйесінің ауыр бұзылыстары: көру, есту, тірек-қимыл аппараты, сөйлеу, созылмалы соматикалық аурулар жағдайындағы даму).

- a) асинхрония
- +b) зақымданулар
- c) рудементация
- d) акселерация
- e) ретардация

11. Ауытқулар тобының бұл типіне бұрмаланған даму (ерте балалық аутизм), дисгармониялық даму (психопатия) енеді.

- +a) асинхрония
- b) зақымданулар
- c) рудементация
- d) акселерация
- e) ретардация

12. Жатыршілік даму кезіндегі жағымсыз әсерлер:

- a) натальды
- +b) пренатальды
- c) постнатальды
- d) босанғаннан кейінгі
- e) босану сәтіндегі

13. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың құрдастарымен демалыста, әр түрлі бос уақыт бағдарламаларында қарым-қатынас жасайды деп болжанатын тәсіл:

- +a) интеграция
- b) білімге қол жетімділікті кеңейту
- c) мейнстриминг
- d) инклюзия
- e) сүйемелдеу

14. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірлесіп оқыту мен тәрбиелеу:

- +a) инклюзия
- b) интеграция
- c) оқыту
- d) процесс
- e) жеке жұмыстар

15. Начальным уровнем инклюзивной вертикали становится период:

- a) нәрестелік
- +b) ерте балалық
- c) жастық
- d) ересектік жас
- e) жастық және қарттық шақ

БӨЛІМ 2. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1. Инклюзивті білім беру тұрғыларының вариативтілігі

Мазмұны: 1. «Интеграция», «мэйнстриминг», «инклюзия» түсініктері.
2. «Білім беру ортасы», «Инклюзивті білім беру ортасы» түсініктері.

Мақсаты: «Интеграция», «мэйнстриминг», «инклюзия», «Білім беру ортасы», «Инклюзивті білім беру ортасы» түсініктерінің мазмұнын білу.

1. Қазіргі ғылым мен практикада дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалар бірге білім алып, бірге тәрбиеленетін педагогикалық процесті белгілеу, сипаттау үшін "интеграция", "мэйнстриминг", "инклюзия" сияқты терминдер қолданылады. Интеграция термині латынның *integrare* – толықтыру деген сөзінен шыққан. Педагогикада әлеуметтік интеграция термині ХХ ғасырда пайда болды және бастапқыда негізінен АҚШ-та нәсілдік, этникалық аз топтары проблемаларына қатысты қолданылды. ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап термин Еуропаның сөйлеу айналымына еніп, мүмкіндігі шектеулі адамдардың проблемалары аясында қолданыла бастады.

ХХІ ғасырдың басында шетелде интеграция кең әлеуметтік-философиялық мағынада қарапайым адамдар мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір сүру формасы ретінде түсініледі, бұл ерекше қажеттіліктері бар адамның барлық әлеуметтік процестерге, білім берудің барлық сатыларына, бос уақытқа, жұмысқа, әртүрлі әлеуметтік рөлдер мен функцияларды жүзеге асыруға шектеусіз

қатысуын қамтамасыз етеді және бұл құқық әлемнің көптеген дамыған елдерінде заңмен бекітілген.

Шетелдік педагогика интеграцияны экономикалық, ұйымдастырушылық, дидактикалық және әдістемелік сипаттағы шаралармен осы процестің қолдауымен және сүйемелдеуімен қарапайым балалар мен мүгедек балаларды бірге өмір сүру және оқыту мүмкіндігі ретінде қарастырады.

Мэйнстриминг (ағылш. *mainstream*, яғни теңестіру, жалпы үлгіге келтіру) – шетел әдебиетінде қолданылатын ұғым, мүмкіндігі шектеулі студенттер өздерінің әлеуметтік байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік беретін әртүрлі демалыс бағдарламалары аясында құрдастарымен қарым-қатынас жасау стратегиясын білдіреді. Мұнда, әдетте, ешқандай білім беру мақсаттары қойылмайды. Зерттеушілердің пікірінше, бірлестіктің көрсетілген нысандарының негізгі кемшіліктері (интеграция, мэйнстриминг) білім беру ортасының мүгедектердің қажеттіліктеріне бейімделмеуі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі бала жалпы өзгеріссіз қалған білім беру жағдайларына бейімделуге мәжбүр. Яғни, мүмкіндігі шектеулі бала бұқаралық білім беру мекемесінде оқуға танымдық және жеке даму тұрғысынан жеткілікті дайын болуы керек. Оқу процесін жеңілдету үшін балаға дефектологиялық, психологиялық-педагогикалық көмек жүйесін енгізу көзделеді. Инклюзивті білім беру-ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін (бұқаралық) мектептерде оқыту процесін сипаттау үшін қолданылатын термин. Инклюзивті білім беру-әрбір баланың денелік, зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалды, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, оқыту мен тәрбиелеудің (даму мен әлеуметтенудің) жалпы (біртұтас, тұтас) процесіне қосылуға мүмкіндік беретін білім беру, бұл кейіннен өсіп келе жатқан адамға қоғамның тең құқылы мүшесі болуға мүмкіндік береді, оның сегрегациясы мен оқшаулану қаупін азайтады.

"Инклюзивті білім беру" термині тек білім беру жүйесіне ғана емес, сонымен бірге адамның қоғамдағы орнына деген жаңа көзқарасты бейнелейтін заманауи термин болып

табылады. Инклюзия білім беру кеңістігін, мектеп ортасын әр баланың қажеттіліктеріне бейімдеу, соның ішінде білім беру процесін реформалау арқылы мүгедек балаларға білім беру мәселесін шешуді қамтиды. Инклюзия процесі мен интеграцияның басты айырмашылығы-инклюзия кезінде білім беру процесінің барлық қатысушылары мүгедек балаларға деген көзқарасты өзгертеді, ал білім беру идеологиясы оқу процесін ізгілендіру және білім берудің тәрбиелік және әлеуметтік бағытын күшейту бағытында өзгереді. Сонымен, инклюзия-бұл әлеуметтік-мәдени технология, ал интеграция-бұл білім беру технологиясы. Инклюзивті оқытуды енгізу адамның танымдық мүмкіндіктеріне және тұрғылықты жері бойынша оның денсаулығына барабар ортаға сәйкес сапалы білім алу құқығын іске асыру бағытында білім беру жүйесін дамытудың жоғары нысаны ретінде қарастырылады. Инклюзивтік білім беру - бұл жұмыстың жергілікті аймағы ретінде емес, жалпы білім беру жүйесінің қызметін тұтас алғанда барлық бағыттар бойынша ұйымдастырудағы жүйелі тәсіл ретінде қаралатын ұзақ мерзімді стратегия. Оқытудың инклюзивті нысаны білім беру процесінің барлық субъектілеріне қатысты: мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың ата-аналары, қалыпты дамып келе жатқан оқушылар мен олардың отбасы мүшелері, мұғалімдер және білім беру кеңістігінің, әкімшіліктің, қосымша білім беру құрылымдарының басқа мамандары.

2. Инклюзивті білім беруді енгізу адамның танымдық мүмкіндіктеріне және тұрғылықты жері бойынша оның денсаулығына барабар ортаға сәйкес сапалы білім алу құқығын іске асыру бағытында білім беру жүйесін дамытудың жоғары нысаны ретінде қарастырылады.

Білім беру ортасы-бұл тұлғаның қалыптасуының әсері мен шарттарының жүйесі; әлеуметтік және кеңістіктік-заттық ортада (В.А. Ясвин) қамтылған оның дамуы үшін мүмкіндіктердің жиынтығы. "Білім беру ортасы" категориясы білім беру түсінігін әлеуметтік өмір саласы, ал ортаны білім беру факторы ретінде байланыстырады (И.А. Баева).

Білім беру ортасының компоненттері:

* кеңістіктік-пәндік компонент (субъектілердің өмірін сәулеттік-кеңістіктік ұйымдастыру);

* мазмұнды-әдістемелік компонент (оқыту және тәрбиелеу тұжырымдамалары, білім беру бағдарламалары, оқыту мен тәрбиелеудің формалары мен технологиялары);

* коммуникативтік-ұйымдастырушылық компонент (білім беру ортасы субъектілерінің ерекшеліктері, ұжымдағы психологиялық ахуал, басқару ерекшеліктері).

Инклюзивті білім беру ортасы-білім беру процесінің барлық субъектілеріне тиімді өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін білім беру ортасының түрі.

Қоршаған ортаның бұл түрі білім беру кеңістігін әр баланың қажеттіліктеріне бейімдеу, соның ішінде білім беру процесін реформалау, әдістемелік икемділік пен өзгергіштік, қолайлы психологиялық климат, оқу бөлмелерін барлық балалардың қажеттіліктеріне жауап беретін және мүмкіндігінше балалардың білім беру процесіне толық қатысуын қамтамасыз ететін етіп қайта құру арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру мәселесін шешуді қамтиды.

Инклюзивті білім беру ортасының құрылымы келесі компоненттерден тұрады:

* кеңістіктік-заттық компонент: мекеменің материалдық мүмкіндіктері-қол жетімді (кедергісіз) сәулет-кеңістіктік ұйым; балалардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін заманауи құралдармен және жүйелермен қамтамасыз ету;

* мазмұндық-әдістемелік компонент: бала дамуының бейімделген жеке бағыты, білім беру-тәрбиелеу әдістемелерінің, нысандары мен құралдарының вариативтілігі мен икемділігі;

* коммуникативтік-ұйымдастырушылық компонент: педагогтердің аралас (интеграцияланған) топтағы жұмысқа жеке және кәсіби дайындығы, ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуал, мамандардың командалық қызметін басқару.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Қазіргі ғылым мен практикада сау балалар мен мүгедек балалар бірге білім алып, бірге тәрбиеленетін педагогикалық процесті сипаттау үшін қандай терминдер қолданылады?
2. Инклюзивті білім беру ортасының құрылымы қандай компоненттерден тұрады?
3. "Интеграция", "мэйнстриминг", "қосу" ұғымдарына анықтама беріңіз?

2.2. Қазақстан Республикасында инклюзивті және интеграцияланған білім беру

- Мазмұны:**
1. Инклюзивті оқыту мәселелерінің қазіргі жағдайы.
 2. «Интеграция» және «инклюзия» ұғымы.
 3. Интеграция модельдері.

Мақсаты: Инклюзивті білім беру мен интеграция ұғымдарын талдау, ерекшеліктеріне анықтама беру, интеграция модельдері туралы ұғындыру.

Қазақстан Республикасында әлемдік тенденцияларға сәйкес инклюзивті білім беру идеялары кең етек алуда: Республиканың барлық облыстарында инклюзивті (интеграцияланған) мектепке дейінгі және мектеп ұйымдары ашылуда. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беру үрдісіне енуіне қажетті жағдайларды реттейтін белгілі бір нормативті-құқықтық база жасалған, оған сәйкес мектепте және мектепке дейінгі ұйымдарда қалыпты және дамуында ауытқушылықтары бар балалардың бірігіп оқуын жүзеге асыратын жағдайлар жасалуда («кедергісіз орта», материалдық-техникалық жабдықтау, коррекциялық және реабилитациялық шаралар және т.с.с.).

Мүмкіндігі шектелген оқушыларға инклюзивті білім беру мәселелеріне Қазақстан Республикасында Х.С.Ералиева, Д.Д. Ешпанова, Д.С.Жакупова, А.К. Жалмухамедова, З.А. Мовкебаева, И.А.Оралканова және т.б. жұмыстары арналған. Инклюзивті білім беру мәселесінің өзектілігі

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың санының артуымен байланысты. Қазақстанда 16 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі балалар дамуы қалыпты құрдастарының ортасына интеграцияланған.

2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің бірі: инклюзивті білім берудің жүйесін дамыту, төмендегілерді дайындауды қажет етеді:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды интеграциялық оқытудың модульдік бағдарламаларын;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада интеграциялық оқыту ережелерін, ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін интеграция формаларын анықтау;
- мүгедек балаларды қашықтан оқытуды ұйымдастыру ережелері.

Аталған категориядағы тұлғаларды инклюзивті оқытумен қамтамасыз ету мәселелері ҚР Заңының №319-III 27.07.2007 «Білім туралы» Заңда (29.12.2014ж. өзгерістер мен толықтырулар), сонымен қатар басқа да нормативтік-құқықтық актілер.

Психолого-педагогикалық және нормативті-құқықтық әдебиеттерде инклюзивті білім беру мәселесі бойынша түрлі терминдер жиі қолданылады. «Интеграция» және «инклюзивті білім беру» бұл екі термин жиі бірінің орнына бірі қолданылады, себебі көптеген мектеп мұғалімдері оларды синоним деп санайды. Әйтсе де, бұл терминдердің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Интеграция ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қалыптасып қалған мектеп өмірі мен мектеп құрылымына енгізу болып табылады. Бұл интеграциялық бағдарламалардың мақсаты – «балалардың дамуын қалыпқа келтіру», немесе оларға оқытудың қалыптасқан моделіне еруге көмек көрсету. Инклюзивті білім беру интеграциядан айырмашылығы басынан бастап барлық балаларды жалпы білім беретін жүйенің бөлігі ретінде қарастырады. Инклюзивті білім беру мақсаттарының бірі кез келген мектеп болашақта ерекше қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайын болуы болып табылады.

Инклюзивті тұрғының интегративті тұрғыдан басты айырмашылығы жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалар балаларға және олардың ата-аналарына деген қатынас өзгереді. Білім беру идеологиясы оқу үрдісін гуманизациялау жағына өзгереді және оқытудың тәрбиелік бағыттылығы күшейеді.

Инклюзивті білім беру – бұл барлық балаларға барлық бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік беретін саясат және үрдіс. Тұрғылардағы айырмашылық біздің қоғамды өзгертуіміз, оның адамдардың жеке қажеттіліктерін ескеріп, оларға икемделуінде болып отыр. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға жалпы білім беретін кеңістікке қарапайым денелік тұрғыда енгізу инклюзивті білім беру болып табылмайды. Ғалымдардың ойынша, педагогтардың оқу үдерісін ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастыруға қабілетсіздігі алалардың білім беруге толыққанды ену мүмкіндігін тарылтады. Оның салдары – олардың оқуға мотивациясы азаяды, оқу нәтижелері төмендейді, өмірлік перспективаларды шектейді. Республикада қазіргі білім беру жүйесін жетілдіру білім беру мекемелерінің педагогтарын даярлау және қайта даярлауды көздейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекет ететін педагогтар штатын жинақтауда мұғалімдердің бұл саладағы жұмыс тәжірибесін, кәсібилік деңгейін, коммуникативтік дағдыларын, стресске тұрақтылығы, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын және бұл жұмыста маңызды болып табылатын басқа да тұлғалық сипаттамаларына ерекше назар аудару қажет.

Бірақ ең бастысы – бұл аталған категориядағы балалармен толеранттылыққа, эмпатияға, педагогикалық оптимизмге негізделген жұмыс жасауға деген ұмтылыс. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру Концепциясы білім беру ұйымдарының түрлері мен мүмкіндіктеріне қарай интеграцияның түрлі модельдері мен формаларын қолдануды қарастырады. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар түрлі категориядағы балаларды біріктіріп оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Интеграцияланған оқытудың бірнеше формалары мен түрлері ажыратылады. Толық интеграция қандай да бір ауытқушылықтары бар баланы дамуы қалыпты жағдайдағы балалармен тең дәрежеде оқыту. Толық интеграция психоденелік және сөйлеу даму деңгейі жастық нормаға сәйкес келетін немесе соған жақын келетін балалар үшін және дені сау құрдастарымен бірігіп оқуға психологиялық тұрғыда дайын балалар үшін тиімді болып табылады.

Тұрақты, бірақ толық емес интеграция мектепке дейінгі балалар үшін де, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін де пайдалы. Бұл психикалық даму деңгейі өзінің жас нормасының төмен деңгейдегі, жүйелі коррекциялық көмекті қажет ететін, алайда жалпылай алғанда пәндерді дамуы қалыпты құрдастарымен тең дәрежеде меңгеруге қабілетті, сыныптан тыс жұмыстарға қатыса алатын мектеп жасындағы балалар үшін тиімді болып келеді.

Жартылай интеграция қажетті іскерлік пен дағдылардың аз ғана бөлігін қалыпты дамудағы құрдастарымен меңгеруге қабілетті, сыныптан тыс ақыттың бір бөлігін ғана бірге өткізе алатын балаларға арналған. Жартылай интеграцияның мәні ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың интерактивті кеңістігін кеңейту, дамуы қалыпты құрдастарымен өзара әрекет мүмкіндігі.

Интеграцияның модельдерін талдау дамуында ауытқушылықтары бар балаларды интеграциялық оқытудың келесі формаларын бөлуге мүмкіндік береді:

- 1) Аралас, мұнда ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы дені сау балалар сыныбында оқи алады, сонымен қоса дефектолог, логопед, педагог-психолог тарапынан жүйелі көмек ала алады.
- 2) Жекелей, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы дені сау құрдастарымен тең дәрежеде білім беру бағдарламасын меңгеруге қабілетсіз болады. Бұл жағдайда күннің бір бөлігін арнайы сыныптарда, екінші бөлігін – қалыпты сыныптарды өткізеді.
- 3) Уақытша, мұнда арнайы сыныптарда білім алатын оқушылар және қалыпты сынып оқушылары айына екі

реттен кем емес біріккен серуендерде, мерекелерде, тәрбиелік мәні бар жеке шараларда бас қосады.

- 4) Толық, ерекше білім беру қажеттіліктері бар 1-2 бала балабақша тобына немесе сыныпқа енеді. Бұл тек ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психоденелік және сөйлеу даму деңгейі жас нормасына сәйкес келсе және қалыпты даму деңгейіндегі құрдастарымен бірігіп оқуға психологиялық дайын болған жағдайда болады.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Инклюзивті білім беру мәселелерімен айналысқан ғалымдар кімдер?
2. Интеграция модельдерін атаңыз.
3. Инклюзивті білім берудің интеграциялық білім беруден айырмашылығы қандай?

2.3. Арнайы білім берудің ұлттық жүйесінің қалыптасу және даму тарихы

- Мазмұны**
1. Арнайы білім беру жүйесінің даму сатылары.
 2. Эволюцияның бірінші кезеңі.
 3. Эволюцияның екінші кезеңі.

Мақсаты: Арнайы білім беру жүйесінің даму кезеңдерін талдау.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың педагогикалық жүйелерінің даму тарихы мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық құрылысымен тікелей байланысты. Арнайы білім берудің әрбір сатысы мемлекеттің және қоғамның дамуының нақты кезеңімен, оның дамуында ауытқушылықтары бар тұлғаларға қатынасына сәйкес келеді. Арнайы білім беру тарихы үлкен уақыт аралығын қамтиды, оның барысында мемлекеттің және қоғамның денелік және психикалық ауытқушылықтары бар адамдарға қатынасы дамып өзгерді.

Арнайы педагогиканың қалыптасу сатылары:

1. Мүгедек баланың өмір сүруге құқылы болуы (б.з.д. VII ғ.- XIII ғ.)

Антикалық қоғамда мұндай адамдарды азамат деп те есептемеген. Оларға антикалық мемлекеттің еркін азаматтарының әлеміне жол жабық болды.

Ортағасырлық заңда дамуы бұзылған тұлғалардың құқықтарының жоқ екендігін бекітілген. Мұндай адамдарға қайырымдылық танытқандардың алғашқылары хоспистар мен приюттар ұйымдастырған шіркеу қызметкерлері болды. Алайда XII ғ. Еуропада алғаш рет шіркеулік емес приюттар, ауруханалар, зағип жауынгерлерге арналған арнайы мекемелер, лепрозориилер ашылды. Сөйтіп, дамуында бұзылысы бар және емдеуді қажет ететін тұлғаларды жек көру жүйесі мемлекеттік қызмет аясына енді.

2. Мүгедек баланың құқық алуы (XIII- XVIII ғғ..)

Ресейде ауытқушылықтары бар адамдарға арнайы көмек X ғасырда христиандыққа ауысудан басталды және XVIII ғ. I Петрдың айқын ауытқушылығы бар балаларды өлтіруге тыйым салатын бұйрығына сәйкес аяқталды, барлық аймақтарда көмек көрсететін приюттер мен госпитальдер ашыла бастады.

Ресейдегі арнайы оқу орнын 1806 ж. 14 қыркүйекте Павловск қаласында императрица Мария Федоровнаның бұйрығымен француз тифлопедагогы В.Гаюи ашқан болатын, бір жылдан соң 1807ж. Александрдың бұйрығымен зағип балаларға арналған алғашқы мектеп ашылды.

3. Зағип, соқыр және ақыл-ой дамуы артта қалған балаларды арнайы оқыту құқығы берілді (XVIII- XX ғғ.б.).

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғ. басында ақыл-ой және денелік кемшіліктері бар тұлғаларға қатынас өзгерді, оқыту мүмкіндігі ғана емес, есту, көру, зият бұзылыстары бар балалардың білім алуға құқығы мойындала бастады. Егер XIX ғ. басында Еуропада және Ресейде алғашқы арнайы оқу мекемелері ашылса, XX ғ. басында Еуропада міндетті бастауыш білім туралы заңды актілер қабылданды. Ресейде, Еуропа елдеріндегідей, дамуында ауытқушылығы бар балаларға үш бағыттағы көмек дамыды: қайырымдылық (приюттер, үйлер), емдік-педагогикалық

(ауруханада арнайы бөлімдер, мектеп-санаторий) және педагогикалық (мектеп, балабақша). Арнайы білім беру жүйелерін рәсімдеу 1920 ж. аяғында жүзеге асты, онда мемлекет алғаш рет құжаттарда арнайы білім берудің мақсаттарын айқындады.

4. Ауытқушылығы бар балалардың басым көпшілігінің мемлекеттің кепілдігімен арнайы оқытуға құқықтары (XXғ. басы- XXғ. 70 жж.)

1948 ж. БҰҰ қабылдаған адам құқықтарының жалпыұлттық декларациясы жаңа көзқарасты бекітті. Экономикалық өрлеу кезінде 1950-1970 жж. Батыс Еуропада арнайы мектептерге көп көңіл бөлді: дамуында ауытқышылығы бар балаларды анықтау, есепке алу және диагностика механизмдері жетілдірілді; арнайы оқуды қажет ететін балалардың жіктелуі өзгерді және нақтыланды, арнайы мектептердің типтерінің саны артты; мектепке дейінгі және мектептен кейінгі мекемелерді ашу арқылы арнайы көмек көрсетудің жас ерекшелік шектеулері кеңейді; арнайы білім берудің заңды негіздері жетілдірілді.

5. Мемлекет ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арнайы және интеграциялық оқуға мүмкіндік береді (XXғ 70 ж.- қазіргі уақытқа дейін).

1970 ж.аяғынан бастап 1980 жж. басында бұқаралық мектептерде психикалық дамуы баяу балалар үшін арнайы мектептер ашылды, мектепке дейінгі және мектептен кейінгі мекемелер ашылды, жоғары оқу орнында және техникумдарда есту қабілеті бұзылған тұлғалар үшін арнайы топтар ашылды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың нормативті- құқықтық құжаттар: «ақыл-ойы артта қалған тұлғалардың құқықтары туралы», «Мүгедек құқықтары туралы», ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласында принциптер, саясат және практикалық қызметтері туралы декларация туралы (1994ж.).

Өзін-өзі тексеруге сұрақтар:

1. Арнайы білім беру эволюцияның 1 және 2 сатыларында қандай өзгерістер орын алды?

2. Арнайы білім беру эволюциясының 3 және 4 сатыларында қандай өзгерістер болды?
3. Арнайы білім беру эволюциясының 5 кезеңі немен ерекшеленді?

2.4. Онтогенездің түрлі сатыларында интеграцияны тиімді жүзеге асырудың ішкі және сыртқы жағдайлары

Мазмұны: 1. Интеграцияны жүзеге асырудың сыртқы және ішкі шарттары.
2. Онтогенездің түрлі сатыларында интеграцияны тиімді жүзеге асырудың негізгі талаптары.

Мақсаты: Интеграцияны жүзеге асырудың ішкі және сыртқы шарттарын анықтау.

Мүмкіндігі шектеулі баланың дамуының жас ерекшелік сатыларындағы әлеуметтік-білім беру қызметтері де, министрлік тарапынан мамандармен қамтылуы бір-бірінен өзгеше. Әлеуметтік-білім беру интеграциясын ұйымдастыруға онтогенетикалық тұрғы тәжірибесіне негізделе отырып, бала іс-әрекетінің жетекші және типтік түрлері бойынша, медико-әлеуметтік қолдау ерекшеліктері бойынша, түзетушілік-педагогикалық үдерістің ерекшеліктері бойынша және отбасымен жұмыстың негізгі бағыттары бойынша ерекшеленетін төрт сатыға бөлінеді: ерте балалық шақ кезеңі, мектепке дейінгі білім беру, мектепте оқу және кәсіби еңбекке бейімделу. Бұл сатылар бір-бірінен мақсаттары, міндеттері, ата-аналар мен мамандардың біріккен іс-әрекетінің басымдықтары, жетекші мамандардың қызметтерінің өзгерістерімен ерекшеленеді.

Ерте балалық шақ кезеңі

Ерте балалық шақ сатысында интеграцияны жүзеге асыруға негізгі талаптарды белгілейік:

- Ата-аналардың балаға балалар емханасының мамандары, аймақтық ППМҚ орталығы көрсететін кешенді психологиялық-педагогикалық және медико-әлеуметтік көмек алу мүмкіндігі;

- Ерте психологиялық-педагогикалық көмек бағдарламасы бойынша перинаталды энцефалопатия (ПЭП) салдары бар ерте шақтағы балалармен кеңестер мен арнайы сабақтар өткізу;
- Ерекше білім беру қажеттіліктерінің даму динамикасын есепке ала отырып, кешенді психологиялық-медициналық педагогикалық көмек көрсету мен жеке түзетушілік-білім беру маршрутын түзету ықтималдығының қатал бірізділігі;
- Жалпы білім беру немесе арнайы балабақшаларға қатысуға даярлық мақсатында 1,5 нан 2 жасқа дейінгі балалар үшін ППМҚ орталығы немесе мектепке дейінгі білім беру орталығы базасында баланы адаптациялық топқа немесе уақытша топтарға көшіруді ұйымдастыру. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңі

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңі – ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы алғашқы қоғамдық білім беру жүйесі болып табылатын мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мекемесіне енгізу уақыты.

Мектепке дейінгі балалық шақ сатысында интеграцияны жүзеге асыруға талаптар:

- Қандай да бір шектеулері бар бала үшін жеке түзетушілік-дамытушылық және білім берушілік-тәрбиелеушілік бағдарламаның міндетті түрде болуы;
- Баланың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін қорғаушылық-педагогикалық және пәндік-дамытушылық орта туғызу қажеттілігі;
- Педагог-дефектологтың жетекші рөлімен, қызметкерлер тобымен жүзеге асатын арнайы білім беруге көмектің болуы;
- Интеграцияланған мектепке дейінгі білім беруге тартылған барлық мамандардың қызметтерінің нақты бөлінуі;
- Ата-аналарды өз баласын ынталандыратын қарым-қатынас дағдыларына оқыту;
- Интеграциялық оқытуға тартылған дамуы қалыпты мектепке дейінгі жастағы балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

Мектепке дейінгі жастағы интеграцияланған оқытудың маңызды формаларының бірі – бұл уақытша топ. Себебі топтарға түрлі құрылымды ауытқушылықтар бар балалар қабылданады, топтық сабақтарды ұйымдастыруда 2-3 педагогтың бір уақыттағы бірікке жұмысы қажет.

Қандай да бір қызметті дамыту бойынша сабақтарда педагогтардың бірі жүргізу кезінде басқа педагогтар сүйемелдейтін педагог функцияларын орындайды, сол арқылы балаларға сабақтарға көмектеседі және ата-аналарға өз балаларымен өзара әрекет жасау дағдыларын оқытады.

Мектепте оқу кезеңі.

Мектепте оқу кезеңін әлеуметтік-білім беру интеграциясын жүзеге асыру үшін келесі төрт құрылымдық компоненттердің болуы қажет.

- Жалпы білім беретін сыныптың жағдайында оқыту;
- Түзетушілік-педагогикалық қолдау сыныбы жағдайында оқыту;
- Мекемеде барлық білім алушыларды психологиялық-медициналық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесі;
- Қосымша білім беру қызметінің жүйесі.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар жалпы білім беретін сынып жағдайында бейнелеу өнері, ӨҚН, дене шынықтыру, музыка, ән және еңбек сияқты пәндерді оқиды, ал ерекше білім бер қажеттілігі бар балаларға арналған бағдарлама бойынша пәндер – түзетушілік-педагогикалық қолдау сыныптары жағдайында оқытылады. Бұл әдетте математика, орыс тілі немесе сөйлеуді дамыту, еңбекке оқыту, ритмика.

Қосымша білім беру жүйесі әлеуметтік-білім беру интеграциясының құрамды бөлігі болып табылады. Оның бағыттары әр түрлі болып келуі мүмкін, бірақ қажетті минимумы:

- Дене шынықтыру- спорттық секциялар;
 - Көркемдік-эстетикалық студиялар және үйірмелер;
 - Сәндік - қолданбалы өнер сабақтары;
 - Ғылыми-техникалық шығармашылық.
- Кәсіби еңбекке бейімдеу кезеңі.

Кәсіби еңбекке бейімдеу сатысында әлеуметтік-білім беру интеграциясын ұйымдастыруға келесі талаптарды ескеру қажет:

- ақыл-ой және денелік еңбекке қабілеттілік, эмоционалды-еріктік, сенсомоторлық жағдайын, зияткерлік салалардың, сөйлеуді дамыту және қарым-қатынас дағдыларын, әлеуметтік-психологиялық мәртебені есепке алу;
- Кәсіби бағдар қызметінің ерте басталуы;
- Жасөспірімнің психофизиологиялық мүмкіндіктерін нақты мамандық және жұмыс орнының параметрлерімен сәйкестендіру;
- бос орындар туралы мәліметтерді тұрақты түрде жаңарту және кәсіби сабақтардың аясын кеңейту;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесінің болуы және постинтернаттық қолдау;
- түрлі білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктері бар балалар мен жасөспірімдер үшін қашықтық білім беруді дамыту;
- педагог мамандарды, еңбекке оқыту шеберлерін және әлеуметтік педагогтарды даярлау және қайта даярлау.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Интеграцияны жүзеге асырудың ішкі және сыртқы шарттары қандай?
2. Онтогенездің түрлі сатыларында интеграцияны жүзеге асырудың негізгі талаптарын атаңыз.

Өзін-өзі тексеруге арналған тестілік тапсырмалар

1. Мүмкіндігі шектеулі балаларға не тән?
 - a) Ақпаратты тез өңдеу
 - b) Танымдық процестердің белсенділігі
 - +c) Сөйлеу әрекетінің бұзылысы
 - d) Ойын әрекетінің қалыптасқандығы
 - e) Еңбекке қабілеттің жоғары болуы
2. Интеграцияның қай формасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қарапайым сыныпта басқа балалармен бірге оқиды?

a) Аралас

+b) Толық

c) Фрагментарлы

d) Жекелей

e) Кешенді

3. Қай жылы БҰҰ «Ақыл-ойы артта қалған тұлғалардың құқықтары туралы Декларация» қабылдады?

+a) 1971

b) 1980

c) 1990

d) 1960

e) 1970

4. Қай жылы «Мүгедектер құқықтары туралы Конвенция» қабылданды?

+a) 2006

b) 1970

c) 1980

d) 1990

e) 1960

5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар интеграциясының неше моделі бар?

a) 7

+b) 4

c) 5

d) 8

e) 9

6. Инклюзивті білім берудің қанша принципі бар?

+a) 8

b) 9

c) 10

d) 11

e) 12

7. Алғашқы шіркейлік емес приюттар, ауруханалар, көзі көрмей қалған жауынгерлерге арналған арнайы мекемелер, лепрозориилер қайда құрылды?

a) 15 ғасырда Азияда

b) 13 ғасырда Қытайда

c) 14 ғасырда Қытайда

+d) 12 ғасырда Еуропада

е) 13 ғасырда Ресейде

8. Ресейде айқын ауытқушылықтары бар адамдарға арнайы көмектің құрылуы қай уақытта басталды?

+а) 10 ғасырда

b) 11 ғасырда

c) 12 ғасырда

d) 13 ғасырда

е) 14 ғасырда

9. Кім жарлығымен ауыр ақаулары бар балаларды өлтіруге тыйым салынды және барлық жерде кедейлер мен кедейлерге көмектесуге арналған приюттар мен ауруханалар ашыла бастады?

a) Екатерина 2

b) Анна Иоановна

+c) Петр 1

d) Петр 2

е) Анна 1

10. Ресейдегі алғашқы арнайы оқу орны (саңырау және мылқау адамдарға арналған эксперименталды мектеп) қай жылы ашылды?

+а) 14 қыркүйек 1806 ж.

b) 15 қыркүйек 1809ж.

c) 12 қазан 1804 ж.

d) 19 қазан 1801 ж.

е) 25 қазан 1807ж.

11. Мүмкіндігі шектеулі баланы алғашқы қоғамдық білім беру жүйесіне енгізу уақыты

+а) мектепке дейінгі балалық шақ сатысы

b) мектепалды балалық шақ сатысы

c) мектептен кейінгі балалық шақ сатысы

d) есею сатысы

е) бәбектік шақ сатысы

12. ҚР мүмкіндігі шектелген оқушыларға инклюзивті білім беру мәселелеріне қай автордың еңбектері арналды:

a) X.C. Ералиева

b) Д.Д.Ешпанова

c) Д.С. Жакупова

d) З.А. Мовкебаева

+е) барлық жауап дұрыс

13. Инклюзивті білім берудің ... принциптерін бөледі:

+a) 8

b) 5

c) 6

d) 7

e) 9

14. Еуропада зағип сарбаздарға арналған шіркеулік емес приюттар, ауруханалар және арнайы оқу орындары қашан құрылды?

a) X ғ.

+b) XII ғ.

c) XII ғ.

d) VII ғ.

e) VIII ғ.

15. Мүмкіндігі шектелген оқушылар құрдастарымен мерекелерде, иүрлі бос уақытта ұйымдастыру бағдарламаларында қарым-қатынас жасайды деп болжайды:

+a) интеграция

b) инклюзия

c) енгізу

d) әлеуметтену

e) даму

БӨЛІМ 3. МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕЛГЕН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АДАПТАЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

3.1. Есту қабілеті бұзылған балалар

Мазмұны: 1. Есту қабілеті бұзылған балалардың ерекшеліктері.
2. Есту қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

Мақсаты: Есту қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасымен танысу.

1. Сурдопедагогика (латын сөзі «surdus»-саңырау) арнаулы педагогиканың бір бөлігі, бұл естуі бұзылған тұлғаларды зерттейді. Мүмкіндігі шектелген балалардың көпшілігі есту түрлерінің ауытқушылығының салдарынан айналадағы ортада ерекшеленіп байқалады.

Есту – дыбыстық құбылыстар формасының қабылдаудағы шынайы анық, дәл түрдегі бейнеленуі. Дыбыстарды ажырату тірі организмге тән қабілеттілік болып табылады. Бұл қабілеттілік - есту мүшесінің немесе есту талдағышының қатысуымен таратылады. Есту талдағышының қалыпты дәрежеде қызмет етуі баланың жалпы дамуына үлкен әсерін тигізеді. Есту жағдайының қалыпты болуы балалардың сөйлеуі мен психологиялық жағынан қалыптасуында шешуші орын алады. Есту талдағышының бұзылуы ең алдымен көп мөлшерде баланың сөйлеуіне әсер етеді, оның танымдық қызметіне жалпы дәрежеде мүкістік келтіреді. Құлақ-дыбыс тербелісін күшейтеді және оны қайта өндейді. Дыбыстар негізінен үш қасиетпен сипатталады: Олар күші, биіктігі және тембірі.

Есту қабілетінің үлкен қызметі болып табылатын естудің жәрдемімен бала өзінің сөйлеу тілін бақылап қана қоймай, оны айналасындағылардың сөйлеу тілімен салыстыруға мүмкіншілігі болады. Жалпы қоршаған орта дыбыстарға толы болып келеді, әрі олар әртүрлілігімен ажыратылады. Біздер музыкалық, шулы, табиғи дыбыстарды естиміз. Сонда адамның дамуында естудің үлкен орны бар екендігі белгілі. Ал баланың жалпы дамуына оның толық жетілген есту қабілеті шешуші қызмет атқарады.

Баладағы есту қабілетінің бұзылыстары іштен туа және жүре пайда болады. Іштен туа біткен саңыраулық өмірде сирек 25 % шамасында ғана кездеседі. Мұның пайда болу себептері: ана құрсағындағы даму кезеңінде есту мүшелерінің дұрыс дамымауынан, тұқым қуалау себебінің ықпалынан және анасының жүктілік кезінде тұмау, қызылша немесе басқада жұқпалы аурулармен ауруы, дамудың алғашқы айларында зиянды зақымданудың әсерінен болады. Кейіннен пайда болған саңыраулық әртүрлі аурулардың зиянды әсерінен, есту жүйкесінің немесе құлақ ішінің асқынып ауруы нәтижесінен пайда болады.

Саңыраулық пайда болу уақытына байланысты ерте саңыраулану және кеш саңыраулану болып бөлінеді. Ерте саңыраулану бұл бала тілі шыққанға дейінгі кезеңінде пайда болуы, ал кеш саңыраулану баланың сөйлеу тілі қалыптасқаннан басталған саңыраулану болып табылады.

Есту ақаулықтарының жіктелуі есту қабілетінің бұзылу ерекшеліктерімен анықталынады. Саңырау дегеніміз – есту қабілеті қатты бұзылғандықтан адамның сөйлеу тілін анық түсініп болмайтын ақаулық. Өмірде көп жағдайда есту қабілетінің аз да болса саңылауы сақталатын болады. Осы болмашы ғана сақталған саңылаудың жәрдемімен бала өте қатты айғайлап анық айтқанды, зыңылдаған, шаңқылдаған дыбыстарды, сөздің үзіліп шыққан дыбыстарын, ал кейде құлақтың түбіне тақап қатты айтқан қысқа таныс сөздерді естіп түсіне алады. Саңырау балалар арнайы оқытудан өтпейінше сөйлеу тілін өздіктерінен меңгермейді. Олар дыбысты, сөзді анық, дәл қабылдай алмайды, дыбыстық бейнені естімейді. Нашар еститін балалардың сөйлеу

тілдері өрескел бұзылып келеді. Балада есту кемшілігінің болуы сөздегі дыбыстауды реттей алмайды. Осыдан оның аузша сөйлеуі қалыс қалады. Барлық осы жағдайлар баланың қоршаған дүниені тануын, сөйлеуді игеруін қиындатады. Сондықтан оның ой қызметінің дамуында бұзылыс көрінеді. Қалыпты ести алатын балалармен салыстырғанда мұндай балаларда ауытқушылық айқын көрінеді. Мүлде естімейтін тас саңыраулар өмірде өте сирек кездеседі. Түзету оқу жұмысы 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалармен арнайы балабақшаларда жүргізіледі. Мектеп жасына жеткеннен бастап мұндай балалар оқуын нашар еститін арнайы мектептерде жалғастырады. Оқыту жұмыстарының барлық түрлерінде балалардың сақталған есту қабілеті міндетті түрде пайдаланылады, өйткені бұл естуді арнайы аппараттың жәрдемімен күшейтуге болады.

Дәрігер отоларинголог есту қабілетінің бұзылуынан тексере отырып, алдын алу сақтандыру шараларын да жүргізетін болады (құлақты таза ұстау, кенеттен шыққан қатты айқай, топ шуылынан құлақты сақтау, дәрігерге жылына екі рет тексеріліп отыру).

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Есту бұзылыстарының себептерін атаңыз?
2. Есту бұзылыстары бар тұлғалардың негізгі категориялары қандай?
3. Есту бұзылыстары бар тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері қандай?

3.2. Көру қабілеті бұзылған балалар

Мазмұны:

1. Көру қабілеті бұзылған балалардың сипаттамасы.
2. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу ерекшеліктері.

Мақсаты: Көру қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасымен танысу.

1. Арнайы педагогикада көруі бұзылған тұлғаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесін зерттейтін ғылымды – тифлопедагогика деп атайды.

Көруі бұзылған тұлғалар, соқырлар және нашар көретіндер тұлғалар арнайы педагогикада психоденелік бұзылысты қамтиды. Бұларда көріп қабылдаудың шектеулілігі анық байқалады. Болу себептері көруі бұзылған тұлғалардың бұзылу себептері мынандай: туғаннан соқыр, көруі бұзылған, жүре бара пайда болу.

Туғаннан ішкі даму жағдайы тұқым қуалаудан, зақымдану әсерінен, созылмалы ауруға шалдығудан болады.

Жүре бара: көру мүшесінің ауруға ұшырауы, организмнің жалпы асқынып ауруы, мидың трамвалық соққыға ұшырауы (әсіресе көру аймағы) мұнда (бастың жарылуы, көздің жарақаттануы, көзге тиген қатты соққы). Көруі бұзылған тұлғалардың жалпы қоршаған ортамен қарым-қатынаста өзіндік сипаты анық байқалады. Көруі бұзылған тұлғалар соқырлар, нашар көретін. Көру ақаулығының болуы жалпы жеке тұлғаның қалыптасуына өз ықпалын тигізеді.

Соқырлар - көру қабілетінен мүлдем айырылған тұлғалар немесе толықтай көру түйсігі мүлдем бұзылған тұлғалар. Бұлар бұзылу дәрежесіне қарай абсолюттік және практикалық соқыр. Абсолюттік соқырларды кей әдебиеттерде тотальдік деп атайды. Бұл екі көзі соқыр көрмейтін көру түйсігі мүлдем болмайтындар (түсті ажырату және жарықты түйсінуі болмайды). Ал практикалық соқыр бұлар жарықты және түсті аз да болса түйсініп қабылдай алады. Жарықты қараңғыдан айыру зат пішінін ажырату, оны қабылдай алу аз да болса саңылау болады.

Нашар көретіндер - көруі бұзылған тұлғалар, бірақ көзілдіріктің көмегімен көре алатын тұлғалар.

Бұларға кеңістікті бағалау қиынға түседі. Жалпы көру талдағышы іс-әрекетте (ойын, оқу, еңбек) және айналадағы ортамен қарым-қатынаста негізгі орын алады. Көруі бұзылған тұлғаның айналадағы ортамен қарым-қатынас жағдайы қалыс қалады, кеңістікті бағдарлай алуы бұзылады. Ұғым түсініктер жайындағы білімнің қалыптасуы

заттармен іс-әрекеттік қызметі, эмоциялық ерік сапасы, еңбекке бейімделу әлеуметтік коммуникациясы бұзылып келеді. Бұл тұлғалармен арнайы жұмыс жүргізу қажет болып табылады. Көруі бұзылған тұлғалардың оқу және жазу әрекетінде қиындыққа ұшырауы байқалады. Дер кезінде көру бұзылысын түзету бойынша алдын-ала шаралар өтілмесе, көру ақаулығы асқына түседі. Көруі бұзылған тұлғалармен түзету жұмысын жүйелі жүргізуді қажет етеді.

Тифлопедагогика арнайы педагогиканың бөлігі болып табылады. Тифлопедагогиканың негізін салушы француз ғалымы В.Галюи және Д.Дидро болып табылады.19ғ. бойынша соқыр балаларға арналған мектептер ашылды.1917 ж. Қазан революциясынан кейін соқыр балаларға арналған халықтық білім беру жүйесінің қосымша бөлігі болды.

1928ж. 1-ші советтік соқыр балаларға арналған мектеп программалары шығара бастады. 30 жылдардың басында нашар көретін балаларға арналған топтық жалпы білім беру мектептерінде алғаш кластар пайда болды. Ал,30 жылдардың аяғында нашар көретін балаларға арналған тұңғыш мектептер ашылды. Бұл жаңа бағыттың дамуына Ю.Жаринцова өз үлесін қосты. Сол уақыттан бастап осы мектептерде физика,математика,жаратылыстану пәндері оқытыла басталды. Жалпы осы тифлопедагогикаға өз үлесін қосқан және де көптеген әдістемелерін өңдеуде Б.И.Коваленконың маңызы зор.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Көру бұзылысының пайда болу себептерін атаңыз?
2. Көру бұзылысы бар тұлғалардың негізгі категориялары қандай?

3.3. Ақыл-ой қабілеті бұзылған балалар

Мазмұны: 1. Ақыл-ойы баяу балалар ұғымы және жіктелуі.
2. Ақыл-ой қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу.

Мақсаты: Ақыл-ойы баяу балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасымен танысу.

Ақыл-ой кемістігі орталық жүйке жүйесінің әртүрлі деңгейдегі зақымдауынан болады. Арнайы педагогикада ақыл-ойы кеміс балалардың бұзылуын зерттейтін, оларды оқыту мен тәрбиелеуді қарастыратын және әлеуметтік ортаға бейімделу мәселесімен шұғылданатын олигофренопедагогика болып табылады.

Олигофрения – бұл ақыл-ой сана және психикалық түрдегі дамымаушылық. Орталық жүйке жүйесі қызметінің зақымдануының нәтижесінде балада ақыл-ой, сананың баяулығы байқалады, бұл ең алдымен бас миының дамымауы болып саналады.

Пренаталдық (ішкі даму жағдайында);

Наталдық (дүниеге келу сәтінде);

Постнаталдық (дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы кезеңде).

Олигофренияның болу себептері әртүрлі факторлардың әсер етуінен болады. Бұлар экзогендік (сырттай) және эндогендік (ішкі) сипатқа байланысты келеді.

Экзогендік фактор – анасынын жүкті болу негізінде түрлі инфекциялық аурулармен ауруы (вирустік аурулар), анасының ағзасына түрлі кеселдің тусуі, түрлі травмалар мен соққылар.

Эндогендік фактор – туа пайда болатын олигофренді алып келеді. Бұған патологиялық тұқым қуалаушылық (ата-анасының түрлі венерологиялық аурулары, сондай –ақ екеуінің біреуінің ақыл-ой кемістігі, хромосом тобының бұзылуы, резус-фактор бойынша кан құрамының сәйкес келмеуі. Ақыл-ой кемістігі болуының 3 сатысы бар.

Идиотия, имбецил, дебил

Идиотия –ақыл-ой кемістігі ауыр сатысы. Мұндай балаларда бұзылыстар өте ауыр, қиын болып келеді. Олардың өзіне-өзі қызмет көрсетуі қиын және жай, ал кейбіреулерінде бұл дағдылар тіпті қалыптаспайды.

Имбецил - идиотиямен салыстырылғанда жеңілірек келеді. Бұлар белгілі бір дәрежеге дейін сөйлеуді игерген күрделі, емес еңбек дағдыларын меңгерген, Бірақта өрескел кемістік олардың қабылдау, ес, ойлау, коммуникативтік қарым-қатынас және эмоционалдық ерік сапаларында

көрінеді. Имбецил балалар көмекші мектептерде оқуда үлгіре алмайды.

Дебил – ақыл ой кемістігінің жеңіл сатысы. Бірақта интеллектісі төмен, эмоционалдық ерік сапасы әлсіз, жалпы мектептегі білім беру бағдарламасын меңгере алмайды. Оларға білімді меңгеру қиындық келтіреді және күрделі жазу мен оқуды игермейді, дыбыс пен әріп арасындағы байланысты түсінбейді, түсінген жағдайда да қиындықпен игереді. Қарапайым математикалық операцияларды үлкен қиындықпен меңгереді. Орта мектепте мұндай балалар оқыған жағдайда тарих, география, сызу, химия, физика т.б. пәндерден үлгіре алмайды.

Имбецил және идиотия сатысындағы ақыл-ой кемістігі бар балалар өз отбасында, арнайы балалар үйінде тәрбиеленіп, әлеуметтік жағдай жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Оқытылуға жатқызылатын тұлғалар қосымша мектептерде білім тәрбие алады. Оқыту-тәрбие және түзету жұмыстары арнайы бағдарлама бойынша жүргізіледі. Қосымша мектепте оқытуға жергілікті орындағы педагогикалық медициналық-психологиялық кеңес беру мекемелерінің мамандары шешімімен жолданады. Қосымша мектептердің негізгі мақсаты психологиялық тұрғыдан қоғамдық ортаға балаларды бейімдей отырып, олардың өмірге, айналадағы ортаға үйлесімді көзқараспен қарауға деген сенімін қалыптастыру, еңбек дағдыларын меңгерте отырып, еңбек етуге тәрбиелеу, болашаққа сеніммен қарауға, қоршаған ортамен және адамдармен үйлесімді жағдай қарым-қатынасына келе білуге бағыттау болып табылады.

Қиындықпен оқылатын балалар тобының көпшілігі ерте басталатын түзету жұмысын қажет етеді. Өкінішке орай нәрестелік және сәбилік шақ кезеңінде балалардың ауытқушылығының барлық формасы анық түрде зерттелмейді.

Ақыл – ой кемістігі бар балалар сәбилік шақта өз отбасында немесе денсаулық сақтау жүйесіндегі арнайы яслилерде тәрбиенеледі.

Балалар үйінде тәрбиелеу және түзету жұмыстары сәбилік шақ кезеңінде жүзеге асырылады: балалардың эмоционалдық және жеке тұлғалық қасиеттерін кеңейту; үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасауға үйрету; заттар әлемін тануға және психомоторлық дамуын ілгерілетуге бағыттау;

Ал арнайы балалабақшаларда мұндай балаларға кешеді жағдайда көмек көрсетіледі. Балаларды тәрбиелеу, емдеу–сауықтыру шараларымен қамту және психолог, логопед, топ тәрбиешілері, музыка жетекшілері, олигофренопедагогтармен бірлесе ұйымдастырылған түзету бағытындағы педагогикалық шаралар жүзеге асырылады. Арнайы мектепке дейінгі мекемелерде ерекше болып табылатын негізгі міндет бала денсаулығын қорғау және күн тәртібін сақтау, жылы тыныс жағдайдағы атмосфераны жасау, конфликтілік жағдайларды болдырмау, әр баланың ерекшелігін есепке алу болып табылады. Балабақшадағы барлық жылда баланы тәрбиелеуде және оқытуда, оны мектепке әзірлеп даярлауда үш бағыт қамтылады:

- баланың денелік дамуын қалыптастыру;
- қарапайым түрдегі танымдық қызығушылығын қалыптастыру;
- танымдық белсенділігін және білім және іскерлігін жинақтау;
- адамгершілік-ерік әзірлігін қалыптастыру;

Мектепке дейінгі кезеңде ақыл-ойы баяу балаларға қолайлы жағдай көрсетілсе, олардың дамуында алға басушылық болады, бұл олардың арнайы мектептің оқу бағдарламасын меңгеруіне көмегін тигізеді. Мектепке дейінгі кезеңде мұндай балалар жалпылама балаларға арналған балалар бақшасындағы арнайы топтарда білім алып тәрбиенеледі. Мектеп жасына жеткен кезден бастап, арнайы мектептерде арнайы білім стандартна сай арнайы бағдарлама бойынша оқытылад. Сонымен бірге оларға әлеуметтік еңбекке бейімдеу орталығынан көмек көрсетіліп отырылады. Ал арнайы мектептердің негізгі міндеті мынадай:

- ақыл-ойы баяу мектеп оқушыларының танымдық қызметтерінің және эмоционалдық ерік сфераларының, кемшіліктерінің алдын-алу;
- өнімді еңбекке қатысуға, қазіргі қоғам жағдайына әлеуметтік тұрғыдан бейімдеуге бағыттау болып саналады

Арнайы мектептің төменгі сыныптарында тіл дамыту бойынша (қоршаған дүниемен айналамен таныстыру, заттармен таныстыру), арнайы ритмика сабақтары өтіледі. Жоғарғы кластарда әлеуметтік (тұрмыстық шаруашылығы) бағдарлау сабақтары өткізіледі. Оқыту жұмысын ұйымдастыруда топтық және жекелей логопедиялық сабақтар, психомоторика және сенсорлық қабілеттерін дамыту, емдеу-сауықтыру комплекстері өткізіледі. Арнайы мектептерде тәрбие жұмысына да үлкен мән беріледі. Мұндағы негізгі мақсат - тәрбиенушілерді әлеуметтендіру болып табылады. Ал негізгі міндет- балалардың бойында жағымды сапаларды айқындау, өзін және қоршаған ортаны дұрыс бағалай білуін қалыптастыру, айналасындағыларға деген адамгершілік қарым-қатынас сезімдерін қалыптастыру. Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының арнайы міндеттері әртүрлі іс-әрекеттер негізінде жүзеге асырылады.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Ақыл-ой бұзылысының пайда болу себептерін атаңыз?
2. Ақыл-ой бұзылыстары бар тұлғалардың негізгі категориялары қандай?
3. Ақыл-ой бұзылыстары бар тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері қандай?

3.4. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар

Мазмұны:

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылыстарының жалпы сипаттамасы.
2. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

Мақсаты: Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасымен танысу.

Бұл категориядағы балалардың басым көршілігі (ДЦП) ауырған балалар. ДЦП-аурулардың толықтай пісіп-жетілмеген, яғни әртүрлі әсер етуші зиянды факторлардың ішкі даму жағдайында және дүниеге келу әрі 1 жасқа дейінгі кезеңде пайда болады. Бұл туғаннан және жүре бара пайда болған ауру және тірек қимыл аппаратқа зақым келу балаларда 5-7% кездеседі. Сонда тірек – қимыл аппаратының қызметіне зақым келу сипаты туғаннан және жүре бара пайда болады. Тірек-қимыл аппараты бұзылыстарының түрлері:

1. жүйке жүйесінің ауруы: ДЦП (детский церебральный паралич) полиомелит.
2. тірек-қимыл аппаратының туғаннан бұзылу патологиясы: туғаннан жамбастың тоюы омыртқа дамуының кемістігі.
(сколиоз) қол-аяқ кемшілігі және дамымауы, саусақ ұштарының кемісті дамуы, ортрогрипоз (туғаннан кемістік).
3. жүре–бара пайда болған және тірек-қимыл аппаратының зақымдануы: жұлын, мойын, бас, бойы, қол-аяқ, травмалық соққы полиартрит, қаңқа ауруы (туберкулез сүйек ісігі, остеомиелит) қаңқа ауруының жүйелілігі (хондродистрофия, рахит).

ДЦП–ның болу себебі негізінен қолайсыз факторлар әсерінен болады:

1. Преднаталдық (ішкі даму жағдайында);
2. Наталдық (дүниеге келу сәтінде);
3. Постнаталдық (дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы кезеңде).

Көп жағдайда ДЦП пайда болуы ішкі даму жағдайда мидың зақым алуы және дүниеге келу кезеңінде болады- 30 60-ішке даму дүниеге келу сәтінде, ал 10-туғаннан кейін болуы мүмкін. Ішкі даму жағдайында жұқпалы ауру анасының эндокриндық және жүрек ауруы жүкті болу кезеңіндегі токсикоз, денелік травма, жарақат алу,

психикалық травма, жағымсыз эмоция, резус – фактор бойынша сәйкессіздік, антибиотикалық дәрі-препараттар. Туғаннан кейінгі – нейроинфекция (менингит,энцифалит), бастың ауыр жарақат ауруы.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларда негізгі кемістік – қозғалыс кемшілігі (дамымау,бұзылу немесе қозғалыс қызмет жоғалуы). Мұндай балаларда қимыл-қозғалыс бұзылушылығы олардың психикалық және сойлеу тілінің бұзылуымен қабат келеді, сондықтан да көпшілігі тек қана емдеу және әлеуметтік көмек қажет етумен бірге, олар психологиялық, педагогикалық және логопедиялық түзетуді қажет етеді. Тірек-қимылы бұзылған кейбір балалардың танымдық қызметтері бұзылыссыз келеді,олар арнайы оқыту-тәрбиелеуді қажет етпейді. Бірақта барлық балалар өмір жағдайын қажет етеді, яғни оқыту және біртіндеп еңбек әрекетін қамту

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылыстарының пайда болу себептерін атаңыз.
2. Тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері қандай?

3.5. Сөйлеу кемістігі бар балалар

Мазмұны: 1. Сөйлеу кемістігі бар балалардың жалпы сипаттамасы.
2. Сөйлеу бұзылыстарының түрлері.
3. Сөйлеу тілі бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық сипаттама.

Мақсаты: Сөйлеу кемістігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық сипаттамамен танысу.

1.Сөйлеу тілі бұзылған балалардың орталық жүйке жүйесінде функционалдық не органикалық ауытқушылықтар болады. Қалыпты сөйлеу қызметі үшін мидың барлық бөліктерінің тұтастығы және қалыпты болуы қажет, сонымен

бірге есту, көру және моторлық жүйенің қалыпты қызметі болу керек. Сөйлеу бұзылыстарының кең таралғаны: дислалия, дизартрия, ринология, тұтықпа, алалия, афазия және т.б. Сөйлеу бұзылыстарының туындау себептері екі топқа ажыратады: биологиялық және әлеуметтік.

Биологиялық себептер. Сөйлеу бұзылыстарының пайда болуына экзогенді-органикалық факторлар— баланың және оның ағзасының орталық жүйке жүйесіне түрлі қолайсыз ықпалдар әсер етеді. Бұл факторлар тобының ықпалы уақытқа байланысты құрсақтағы патология, босану кезіндегі патология және баланың бірінші жылындағы түрлі зиянды ықпал.

Әлеуметтік факторлар балалардың психикалық депривациясымен байланысты. Баланың сөйлеу дамуына эмоционалды және сөйлеу қарым-қатынасының жеткіліксіздігі, педагогикалық салғырттық, дұрыс емес тәрбие кері әсер етеді. Бала сөйлеуіне шектен тыс ықпал ету, мектепке дейінгі жаста екі тілдік жүйені меңгеру, қоршаған адамдардың тіл кемістігі де жағымды нәтиже бермейді. Бір сөзбен айтқанда, тіл бұзылыстарының себептері бала тілінің дамуына жете көңіл бөлінбеу болуы мүмкін.

2. Сөйлеу тілі бұзылған балалар саны жыл сайын артуда. Сондықтан логопедтер мен дефектологтардың жұмысы мұндай балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді формаларын іздеуге бағытталған. Сөйлеудің түрлі бұзылыстарының негізінде бала дамуының түрлі сатыларында (перинаталды, наталды, постнаталды) бас ми қабығының бұзылысында жатыр. Осыған байланысты көпшілігінде тепе-теңдіктің, қимыл-қозғалыс координациясының бұзылуы, артикуляциялық қозғалыстардың және қол моторикасының түрлі қимыл-қозғалыс бұзылыстары болады. Балалар кез келген іс-әрекет түрінде тез шаршайды және жалығады. Ол тек ақыл-ой іс-әрекетіне ғана емес, баланың мінез-құлқына да, өзін-өзі сезінуіне де ықпал етеді. Бұл қатты бас аурулары, шаршау, ұйқышылдық немесе, керісінше, ұйқы бұзылысы және жоғары қимыл белсенділігі түрінде көрініс табуы мүмкін. Үзіліс кезінде олардың белсенділігі артады, ал кейін

сабақ материалына үлкен қиындықпен зейінін шоғырландырады.

Сөйлеу бұзылысы бар балалардың зейіні төмен, әсіресе зейінді бір объектіге шоғырландыру және зейінді бөлу функциялары зардап шегеді. Оқушылар сөздік нұсқауларды қиындықпен қабылдайды, көп жағдайда өз әрекеттерін түсіндіре алмайды. Мамандар сөйлеу бұзылысы бар балалардың өз әрекетін бақылауының төмен деңгейін белгілейді. Танымдық іс-әрекет бұзылыстары нашар еске сақтау қабілеті мен төмен ақыл-ой қабілетімен сәйкес келеді. Мұндай балалар тобын оқытатын педагог өзінің сөйлеуіне ерекше мән беруі керек, себебі оған баланың оқу материалын қабылдау сапасы тәуелді. Сонымен қатар, сөйлеу бұзылысы бар балалар мұғалім тарапынан ерекше психологиялық қолдауға мұқтаж болып келеді. Эмоционалды-еріктік сферасы тұрақсыздығымен сипатталады. Балаларға көңіл-күйдің тез өзгеруі тән, кейді тіпті агрессия, мазасыздану байқалады. Олар сабақта тынып отыра алмайды, ыстықты, қоғамдық көлікте ұзақ сапарлар нашар көтереді, бас ауруына, бас айналуға, жүрек айнуға шағым айтады. Функционалдық бұзылыстары бар балаларға невротикалық бұзылыстар тән және кей жағдайда төмен баға алуы, мұғалімнің ескертуі, сыныптастарының орынсыз қарым-қатынасы ауытқушылықтар тудырады. Кейбіреулерге агрессивті мінез-құлық, шектен тыс қозғыштық тән, басқаларына – ұялшақтық, қорқақтық, жасқаншақтық тән болып келеді.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Сөйлеу бұзылысының пайда болу себептерін атаңыз?
2. Сөйлеу бұзылыстары бар тұлғалардың негізгі категорияларыңыз қандай?
3. Сөйлеу бұзылыстары бар тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері қандай?

3.6. Эмоционалды-еріктік сферасының бұзылысы бар балалар

Мазмұны : 1. Эмоционалды-еріктік сфера бұзылыстары бар балаларға сипаттама.
2. Күрделі ақаулықтары бар балалар.

Мақсаты: Эмоционалды-еріктік сфера бұзылыстарымен психологиялық-педагогикалық сипаттамамен танысу.

1. Мүмкіндігі шектеулі, яғни психоденелік және әлеуметтік-тұлғалық дамуында түрлі түрлі ауытқушылықтары бар және арнайы көмекке мұқтаж балалардың арасында эмоционалды-еріктік сферасында бұзушылықтары алдыңғы орынға шығатын балаларды бөлуге болады. Бұл балалардың негізгі ерекшеліктері мінез-құлықтың жоғары әлеуметтенген формаларының дамуындағы бұзылыс немесе артта қалушылық болып табылады, оған басқа адамдармен өзара әрекет, олардың ойларын, сезімдерін, мінез-құлық реакцияларын ескеру жатады. Әлеуметтік өзара әрекетке негізделмеген іс-әрекет (ойын, құрастыру, қиялдау, жалғыздықта интеллектуалдық міндеттерді шешу және т.б.) жоғары деңгейде жүруі мүмкін.

Эмоционалды-еріктік сферада бұзылыстары бар балалар категориясы біртекті болмайды. Оларға келесі бұзылыстары бар балалар жатады:

- а) ерте балалар аутизмі (РДА);
- б) анасымен ерте айырылуына байланысты эмоционалды;
- в) сиблингтік бақталастықпен шартталған эмоционалды бұзылыс;
- г) балалар жасындағы фобиялық мазасыздық бұзылысы;
- д) мінез-құлық пен эмоцияның аралас бұзылысы.

Ерте балалық шақ аутизмі синдромы бар балалар ауыр, арнайы психологиялық-педагогикалық, кейде медициналық көмекті талап ететін балалардың негізгі массасын құрайды.

Аутизм қарым-қатынас бұзылысынан, шынайы өмірден өз уайымдарының әлеміне кетуден көрініс табады. Қазіргі уақытта аутизм баланың орталық жүйке жүйесінің

биологиялық тапшылығына байланысты психикалық дамудың алғашқы (үздіксіз, жалпы) бұзылуы, бұрмалануы ретінде қарастырылады. Аутистикалық көріністері бар балаларда әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас қабілетінің бұзылуы байқалады. Олар жалғыздыққа деген айқын ұмтылыспен, мінез-құлықтың салттық, стереотиптік қайталанатын формаларымен, сөйлеудің нақты дамуымен немесе толық болмауымен, әдептілікпен, қозғалыстардың бұрышымен, сенсорлық ынталандыруларға жеткіліксіз реакциялармен, қорқынышпен сипатталады. Егер өмірдің алғашқы күндерінде, айларында және жылдарында аутизмнің көрінісі баланың клиникалық сипаттамасында басты орын алса, онда ерте аутизм баланың барлық психикалық дамуына теріс әсер етеді.

2. Күрделі ақау дегеніміз-бір балада екі немесе одан да көп психофизикалық бұзылулардың жиынтығы. Мысалы, ақыл-ой кемістігі мен соқырлықтың, церебральды сал ауруы мен сөйлеудің бұзылуы, саңырау және т.б. отандық дефектологияда бұл ұғымның көптеген синонимдері пайда болды: күрделі бұзушылық, күрделі ақау, аралас бұзушылық және т. б. соңғы зерттеулерге сәйкес, балалардың бұл тобы арнайы мекемелерде оқитын барлық контингенттің шамамен 35-40% құрайды. Ақаудың құрылымына байланысты бірнеше тиісті топтарды ажыратады:

1. Бұл топқа екі айқын психофизикалық бұзылыстары бар балалар кіреді, олардың әрқайсысы дамуында ауытқуды тудыруы мүмкін (мысалы, ақыл-есі кем саңырау балалар және т.б.).

2. Бұл топқа бір жетекші психофизикалық бұзылысы бар және онымен бірге жүретін балалар кіреді. Екінші бұзушылық соншалықты айқын емес, бірақ одан әрі даму барысын айтарлықтай ауырлатады. Мұндай жағдайларда мамандар күрделі ақау туралы айтады.

3. Бұл топқа көптеген бұзылыстары бар балалар кіреді. Олардың бастапқы сипаттағы үш (немесе одан да көп) бұзылуы бар, олар әртүрлі дәрежеде көрінеді, бірақ баланың дамуында елеулі ауытқуларға әкеледі. Мысал ретінде ақыл-есі кем көру қабілеті нашар саңырау балалар болады. Көптеген ақауларға бір адамда бірқатар кішігірім

бұзушылықтардың тіркесімі кіреді, олар өз кезегінде одан әрі дамуға теріс әсер етеді. Мысалы, ' есту, көру және моториканың шамалы бұзылыстарының үйлесімімен сөйлеудің жалпы дамымауы орын алуы мүмкін.

Күрделі ақауларды ерте диагностикалауға үлкен мән беріледі. Заманауи медициналық техника баланың дамуының алғашқы кезеңдерінде әртүрлі дәрежедегі бұзылулардың болуын диагностикалауға мүмкіндік береді. Бұл жүйеде нейрофизиологиялық зерттеу әдістері ерекше орын алады. Құзыретті және уақтылы диагноз қою мұндай баланы арнайы әзірленген бағдарламалар бойынша емдеуді, тәрбиелеуді және оқытуды мүмкіндігінше ертерек бастауға мүмкіндік береді.

Күрделі ақаулар проблемаларымен айналысатын мамандардың пікірінше, екі немесе одан да көп бұзылулардың үйлесімімен балалардың психикалық дамуы әр бұзылыс үшін психикалық даму ерекшеліктерінің жиынтығы емес. Керісінше, олар бұзылулардың жаңа күрделі құрылымын құрайды және жеке психологиялық-педагогикалық көзқарасты қажет етеді, бұл аномальды балалардың басқа санаттарына қарағанда айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл заңдылықтың мысалы соқыр-саңырау балалар категориясы болуы мүмкін. Есту және көру қабілетінің бұзылуы нәтижесінде бала сыртқы әлемнен оқшауланған сияқты. Осыған байланысты оның психикасы тиісті дамуды алмайды, қоршаған әлем туралы білім күрт шектеулі, ал дағдыларды, мінез-құлық нормаларын және басқа адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін қалыптастыру өте бұзылған. Кейбіреулер мұндай балаларды ақыл-есі кем деп санайтыны таңқаларлық емес, дегенмен, соңғысынан айырмашылығы, саңырау балалардың ақыл-ой дамуының айтарлықтай мүмкіндіктері бар.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Эмоционалды-еріктік сфера бұзылыстарының пайда болу себептерін атаңыз?
2. Эмоционалды-еріктік сфера бұзылыстары бар тұлғалардың негізгі категориялары қандай?

3. Эмоционалды-еріктік сфера бұзылыстары бар тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері қандай?

Өзін-өзі тексеруге арналған тестілік тапсырмалар

1. Ақыл-ойында ауытқушылығы бар балаларды зерттейтін арнайы психология саласы?

- a) Тифлопедагогика
- b) Сурдопедагогика
- c) Коррекциялық педагогика
- +d) Олигофренопедагогика
- e) Логопедия

2. Ақыл-ойында ауытқушылығы бар балаларды зерттейтін арнайы психология саласы?

- a) Тифлопедагогика
- b) Сурдопедагогика
- c) Коррекциялық педагогика
- +d) Олигофренопедагогика
- e) Логопедия

3. Көру қабілетін бұзылған балаларды зерттейтін арнайы психология саласын атаңыз?

- +a) Тифлопедагогика
- b) Логопедия
- c) Сурдопедагогика
- d) Олигофренопедагогика
- e) Коррекциялық педагогика

4. Кімнің пайымдауынша, аномальды даму даму ауытқушылығын білдірмейді?

- a) Пономарёв
- b) Сухомлинский
- +c) Выготский
- d) Казанова
- e) Шевченко

5. Есту қабілетінен айырылып, кеш саңырау болған балалар

- a) 5 жастан кейін
- +b) 3 жастан кейін
- c) 7 жастан кейін
- d) 1 жастан кейін

е) 10 жастан кейін

6. Көру қабілеті бұзылған тұлғаларды тәрбиелеу және оқыту туралы ғылым

а) аутизм

б) логопедия

с) коррекциялық педагогика

д) дисфония

+е) тифлопедагогика

7. Ақыл –ой бұзылысының түрін атаңыз

а) Дислексия

+б) Деменция

с) Алалия

д) Дисламия

е) Тахилалия

8. Олигофрения терминін енгізген кім?

а) Выготский

б) Кондратьев

+с) Крепелин

д) Варламов

е) Щербаков

9. Крепелин қай жылы олигофрения терминін енгізді?

+а) 1915

б) 1940

с) 1920

д) 1930

е) 1950

10. Олигофрения ауытқушылығының көріну деңгейін неше топқа бөледі?

а) 5 топ

+б) 3 топ

с) 7 топ

д) 4 топ

е) 8 топ

11. Кімнің жіктеуі бойынша ДЦП 5 формасын бөледі?

+а) Семенова

б) Пастухов

с) Миронов

д) Выготский

е) Браунер

12. Қай нұсқа ДЦП формаларының бірі болып табылады?

- a) Дисграфия
- b) Дислексия
- c) Тұтығу
- d) Ринология
- +e) Спастикалық диплегия

13. Арнайы сыныптардың оқитын балалар қалыпты сынып оқушыларымен бірігіп (айына екі реттен сирек емес), бірлескен серуендер, мейрамдар, жарыстар, басқа да тәрбиелік бағыттағы шараларды ұйымдастыратын интеграция түрі?

- +a) Уақытша
- b) Толық
- c) Жекелей
- d) Аралас
- e) Жас ерекшелік

14. Мүмкіндігі шектелген 1-2 бала балабақшаның несыныптың қалыпты топтарына енетін интеграция түрі?

- +a) Толық
- b) Уақытша
- c) Жекелей
- d) Аралас
- e) Жас ерекшелік

15. Ақаулықтың көрәну деңгейі бойынша олигофренияны мынадай топтарға бөледі:

- a) олигофрения
- b) деменция
- c) онтогенез
- d) гемиплегия
- +e) дебильдік, идиотия

БӨЛІМ 4. ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕ АРНАЙЫ (ДЕФЕКТОЛОГИЯЛЫҚ) БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР

4.1. Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектелген балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің модельдері

Мазмұны: 1. Психологиялық-педагогикалық ықпал ету субъектілері.
2. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі сатылары.

Мақсаты: Психологиялық-қолдаудың субъектілерін және негізгі сатыларын анықтау.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – кешенді технология, дамыту, оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтену міндеттерін шешуде балаға қолдау және көмек берудің ерекше мәдениеті. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы дамытуға және білім беру іс-әрекеті мен басқа оқушылармен өзара рекетке қолайлы енгізуге бағытталған білім беру ұйымдарының мамандарының пәнаралық қызметі ретінде қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау түрлі диагностикалық, түзетушілік-дамытушылық, алдын-алу, ұйымдастырушылық және ағартушылық технологиялар кешені болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау аясында инклюзивті тәжірибенің бірнеше негізгі субъектілері туралы айтуға болады. Әлбетте, негізгі субъекті психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия зерттеулерінің нәтижелері бойынша мүмкіндігі шектеулі бала.

Инклюзивті білім беру кеңістігінің келесі субъектілері сол білім беру кеңістігіне енетін басқа балалар болып

табылады. Бұл балалар да белгілі бір психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет етеді. Білім беру кеңістігіне енгізілген баланың айналасындағы балалар оған қатысты біртекті «ұжымдық субъект» болып табылмайды. Олардың кейбіреулері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағымсыз түрде қарайды, басқалары - бейтарап-олар үшін ол ешқандай мәнге ие болмайды. Үшіншілерде жағымды сезімдер мен дұрыс қатынас туғызуы мүмкін. Бұл біртекті емес тұлғааралық ситуацияда балалар ұжымында тұлғааралық қатынасты бағалауды қамтамасыз ету және жағымсыз қатынастарды барынша азайтуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық шаралар қатарын дайындау және толерантты білім беру ортасын құру үшін жағымды қатынастарды қолдану маңызды.

Инклюзивті білім беру кеңістігінің субъектілеріне оған енген баланың ата-анасы және сыныптың басқа балаларының ата-аналары жатады. Бұл жағдайда ата-аналарды сүйемелдеудің бір-текті субъектісі ретінде қарастыруға болмайды, ата-ананың әрбір категориясына жеке бағалау технологиялары дайындалу керек және мектеп консилиумының мамандарының, ең алдымен ПМПК психологының сүйемелдеуі қажет. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге мұқтаж инклюзивті тәжірибенің ұжымдық субъектілері инклюзивті білім берудің тікелей қатысушылары – жалпы білім беретін мектептің педагогикалық ұжымы болып табылады. Педагогтарды сүйемелдеудің ерекше субъектілері ретінде қарастырған жөн, себебі олар инклюзивті білім беруге маман ретінде енеді, және өзінің кәсіби дайындығының ерекшелігіне сәйкес мектеп консилиумының арнайы білімі мен іскерліктері бар мамандар тарапынан көмек пен қолдауды қажет етеді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі сатылары.

Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісі төрт сатының біртіндеп жүзеге асуын қарастырады: диагностикалық, іздеушілік-вариативті, тәжірибелік-әрекеттік және талдау (Л.Н.Харавина бойынша).

Бірінші саты - диагностикалық – психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізін құрайтын барлық компоненттерді бастапқы талдауды білдіреді. Бұл компоненттерге мыналарды жатқызамыз: инклюзивті үдерістерді енгізу үшін білім беру мекемесінің ресурстарын бағалау, оған қоса мүмкіндігі шектелген балалардың санын болжау (дайындық саты); барлық параллельдер бойынша балалардың құрамын бағалау, жеке білім беру бағдарламаларын, олардың компоненттерін дайындау (енгізу сатысы).

Екінші сатыда жеке сүйемелдеу бағдарламасын жасау аясында кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мақсаттық бағдарларын анықтау жүзеге асырылады. Мүмкіндігі шектелген баланың барлық білім беру қажеттіліктерін детальді анықтағаннан кейін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдстыру бойынша ПМПК – ның «стратегиялық» ұсыныстары ескеріліп талқыланады, содан кейін мектеп консилиумының мамандары баланы сүйемелдеудің жеке компоненттерін дайындайды.

Бұл сатының нәтижесі барлық компоненттері бойынша тұтас жекелей бағдарланған білім беру бағдарламасы болып табылады, ал психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің өзі түрлі мамандардың талдауын ескеретін пәнаралық сипатты иеленеді.

Үшінші сатыда баланы жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша инклюзивті білім беру ортасының барлық субъектілерінің әрекеттері жүзеге асады, Бұл сатыда оқушының жеке прогресінің динамикасын тіркеп отырудың маңызы зор.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің келесі сатысында консилиумнің жеке мамандарының қызметінің тиімділігі талданады және барық аспектілерде баланы сүйемелдеу тиімділігі бағаланады.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің субъектілерін атаңыз?

2. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі сатыларын атаңыз?

4.2. Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектелген балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиялары

Мазмұны: 1.«Технология» түсінігі.
2. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиялары.

Мақсаты: Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын анықтау.

Технология (гректің *techno* – өнер, шеберлік, *logos* – ғылым) берілген параметрлер өнімдерін алуға мүмкіндік беретін бастапқы материалдарды қайта құру әдістері мен үдерістерінің жиынтығы және бірізділігі. Педагогикалық технология – педагогикалық әрекеттердің кепілдендірілген жетістігін қатал ғылыми жобалау және нақты түрде қайта жаңғырту; алдын ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісін тәжірибеде жүйелі және бірізді іске асыру. Аталған үдерістің технологиялылығы жоспарланған нәтижелерді барынша нақты болжауға және оған жетуге, мүмкіндігі шектеулі баланың тұлғасының дамуына ғана емес, олардың айналасындағы балалардың дамуы үшін қолайлы жағдайлармен қамтуға; бала тұлғасына қолайсыз жағдайлардың ықпалын азайтуға; практикалық тәжірибені және оны қолдануды ғылыми негізде талдауға және жүйелеуге; білім беру және әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді шешуге ресурстарды тиімді таңдауға және оларды қолайлы қолдануға мүмкіндік береді. Педагогикалық технологияларды сипаттауға В.П. Беспалько, Л.В. Байбородова, В.В. Гузеев, М.В. Кларин, М.М. Левин, Г.К. Селевко, А.И. Уман және т.б. кеңестік ғалымдар, сонымен бірге шетелдік ғалымдар Л.Андерсон, Б.Блум, Т.Гилберт, Р.Мейджер, К.Силбер, Р.Томас және т.б. еңбектері арналған. Г.М. Коджаспирова педагогикалық технологияны білім алушының тұлғасын тәрбиелеу, оқыту

және дамыту міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін тәсілдер, амалдар және қадамдар жүйесі, орындау бірізділігі ретінде сипаттайды.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиясы білім беру үдерісі субъектілерінің пәнаралық өзара әрекетіне сүйенеді, олардың тұлғалық және кәсіби дамуы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі технологияларын атайық. Оларға бірінші кезекті мыналарды жатқызамыз:

- Әрбір жеке құзыреттілік немесе пән бойынша мүмкіндігі шектеулі әр түрлі санаттағы балалар үшін білім беру бағдарламасының бейімделуі контекстінде бағдарламалық материалды берудің бірізділігі мен тереңдігін баланың барабар мүмкіндіктеріне қалыптастыру;
- Мамандардың пәнаралық консилиумдарын өткізу технологиясы, бұл өз кезегінде басымдықтарды құруға және медициналық және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу стратегиясын анықтауға, сондай-ақ сүйемелдеудің қандай да бір стратегиясының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді;
- Бала мен оның отбасын адекватты абилитациялау және сүйемелдеу міндеттерін шешу үшін оның проблемаларының себептерін және механизмдерін анықтай отырып, баланың ерекшеліктерін және даму деңгейін бағалау технологиясы;
- Инклюзивті білім беру кеңістігінің барлық субъектілерін сүйемелдеу міндеттерін шешу, эмоциялық қабылдау және топтық бірігуді қалыптастыру үшін топшілік өзара қарым-қатынасты бағалау технологиясы;
- Білім беру процесіне қатысушыларды (педагогтарды, ата-аналарды) қолдау, ата-аналар және мұғалімдермен психологиялық жұмыс технологиялары.

Мұнда ұсынылған технологиялардың әрқайсысы нақты мазмұнымен, кезеңділігімен, кәсіби бағыттылығымен, пайдаланылатын әдістемелік құралдармен, индикаторлармен және нәтижелілікті бағалау критерийлерімен, әрбір кезеңде жоспарланған нәтижелермен сипатталады. Әрбір технологияның маңызды аспектісі оның пәнаралық сипаты, әрбір маманның басқа да

сүйемелдеу мамандарымен өзара байланысы болып табылады.

Өзін-өзі тексеру үшін сұрақтар:

1. «Технология» ұғымына анықтама беріңіз?
2. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын атаңыз?

4.3. Инклюзивті білім беру педагогының кәсіби стандартын жүзеге асыру контекстіндегі педагогтың педагогикалық мәдениеті

Дәріс мазмұны: 1. Инклюзивті білім беру педагогының жеке қасиеттері.
2. Инклюзивті білім беру педагогының кәсіби мәдениетін құраушылар.

Мақсаты: инклюзивті білім беру педагогының тұлғалық қасиеттерін анықтау

Педагогтың жаңа кәсіби стандартын енгізу оны жоғары мектепте және біліктілікті арттыру орталықтарында даярлау және қайта даярлау стандарттарының өзгеруіне әкеледі. Елдегі педагогтардың біліктілік деңгейлерінің әр түрлі екенін ескере отырып, педагогтың кәсіби стандартын біртіндеп, кезең-кезеңмен енгізу рәсімі қарастырылуда.

Стандарт инклюзивті білім беру педагогының жеке қасиеттеріне талаптарды қояды, оларға:

1. Шынайы оқу мүмкіндіктеріне, мінез-құлық ерекшеліктеріне, денелік және психикалық денсаулық жағдайына қарамай, әр түрлі балаларды қабылдауға дайын болуы. Кез келген балаға кәсіби көмек көрсетуі.
2. Бақылау барысында балалардың даму ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі мәселелерді анықтай алу қабілеті.
3. Балаға өзінің педагогикалық тәсілдері арқылы қажетті көмекті бере алу қабілеті.

4. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум шеңберінде басқа мамандармен бірлескен қызмет жасауға дайындық.
5. Мамандардың (психологтардың, дефектологтардың, логопедтердің және т.б.) құжаттарын оқи білу.
6. Баланың жеке даму бағдарламасын басқа мамандармен бірге жасай білу.
7. Түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы әдістемелерді меңгеру.
8. Баланың даму динамикасын қадағалай білу.
9. Балалар ұжымында қабылданбайтын балаларды қорғай білу.
10. Тұлға дамуының жалпы заңдылықтарын және тұлғалық қасиеттердің көріністерін, даму кезеңдерінің және дағдарыстарының даму заңдылықтарын, оқушылардың жас ерекшеліктерін білу.
11. Өз жұмысының тәжірибесінде психологиялық тәсілдерді қолдана білу: мәдени-тарихи, іс-әрекеттік және дамытушылық.
12. Психологиялық қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын жобалай білу, мектептегі әр түрлі зорлық-зомбылықтың түрлерін алдын ала білу.
13. Бастауыш және орта жалпы білім беру бағдарламаларын, оның ішінде қосымша білім беру бағдарламаларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру қабілеті (психологпен және басқа да мамандармен бірге).
14. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен тұлғалық сипаттамаларының психодиагностикасының қарапайым тәсілдерін меңгеру, психологпен бірге баланың жеке сипаттамаларының мониторингін жүзеге асыру.
15. Оқушының жеке тұлғасына психологиялық-педагогикалық мінездеме (портрет) жасай білу.
16. Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру қабілеті.
17. Әмбебап оқу іс-әрекеттерін, әлеуметтік мінез-құлықтың үлгілері мен құндылықтарын, виртуалды шындық пен әлеуметтік желілердегі мінез-құлық

